




**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 10)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Принтер	Ethernet (RJ-45) интерфейсі: жоқ Интерфейстері: USB, USB 2.0 Деректерді беру: тікелей басып шығару Сканер түрі: планшетті Датчик түрі: контактілі (CIS) Түпнұсқаның ең үлкен форматы: A4 Сканерлеудің ең үлкен өлшемі: 216×297 мм Түстер тереңдігі және сұр реңктері: түстер тереңдігі – 24 бит, сұр реңктер саны – 256 Сканер рұқсаты: 600×600 dpi, 9600×9600 dpi (жақсартылған) Қолдау стандарттары: TWAIN, WIA Бейнені e-mail арқылы жіберу: бар Жиынтықта: USB интерфейстік кабелі кірмейді ОЖ қолдауы: Windows, Linux, Mac OS Қуат тұтыну: 960 Вт (жұмыс кезінде), 1.4 Вт (күту режимінде) Дыбыс деңгейі: 65.3 дБ (жұмыс кезінде), 43 дБ (күту режимінде) Өлшемдері (ЕхБхТ): 372×254×276 мм Салмағы: 8.2 кг Ерекшелігі: интерфейстік USB кабелі жиынтыққа кірмейді Құрылғы түрі: көпфункционалы (МФУ) Басып шығару түрі: қара-ақ Басып шығару технологиясы: лазерлік Орналасуы: үстел үстіне қойылатын Қолдану саласы: жеке (персоналды) Ай сайынғы басып шығару көлемі: 8000 бет Максималды рұқсат етілген ажыратымдылық: 600×600 dpi (қара-ақ)	1
	Барлығы		1

Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры  М.Гиритлиоглу

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы  А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы  Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи

ялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынууды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі: 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін

